

Тазалықтың таза нәтижесі

Атырау қаласында «сасық сай» аталып кеткен булану алаңдарында қызыл кітапқа енген қоқиқаз құстарының ұшып келген әдемі көрінісін тамашалау мүмкіндігіне ие болдық. Бір топ қоқиқаздар мен сан түрлі қанаттылардың булану алаңына ұшып келуі алаңдағы судың экологиялық жағдайының жақсарғандығының дәлелі болса керек. Ал, бұндай нәтижеге Атырау мұнай өңдеу зауытындағы Tazalyq жобасы арқылы жеттік десе де болады.



Sulzer: как оптимизировать
процесс переработки

3



Қанбай мен Санбай
Карышевтер: 30 жыл зауытта

4

ВИЗИТЫ

Ошурбаев ознакомился с экопроектами АНПЗ

В рамках рабочей поездки в Атырау вице-министр экологии и природных ресурсов РК Мансур ОШУРБАЕВ посетил ТОО «АНПЗ».

В составе делегации были заместитель председателя Комитета экологического регулирования и контроля министерства экологии и природных ресурсов Алибек БЕКМУХАМЕТОВ, заместитель директора департамента управления отходами министерства экологии и природных ресурсов Руслан ТУКЕНОВ, руководитель управления природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области Нурлан ДЖАНТОКОВ, и.о. руководителя департамента экологии Атырауской области Ерболат ЕСЕНОВ, а также председатель комитета экологии областного маслихата Арман ХАЙРУЛЛИН.

Первым делом группа посетила производственную площадку и ознакомилась с процессом запуска автоматизирован-



ной системы мониторинга (АСМ) эмиссий в окружающую среду на дымовой трубе установки каталитического риформинга.

Далее состоялось совещание с представителями завода, где вице-министру продемонстрировали тестовую работу АСМ на установках УПНК, ПТиЭЭ и Рагатах в режиме реального времени.

Специалисты завода рассказали гостям о статусе других, реализуемых АНПЗ, экологических мероприятий, в частности, результатах проекта Tazalyq, ходе работ по дооснащению понтонами резервуаров, а также о планах по строительству комплексной установки очистки сточной и подготовки сырой воды.

На встрече также был обсужден вопрос получения разрешения для сброса сточных вод АНПЗ на канализационно-очистное сооружение города Атырау.

В завершение встречи Мансур Ошурбаев отметил важность совместной работы министерства экологии и завода в реализации проектов и выразил готовность оказать содействие в решении проблемных вопросов.

ЖОБА

Тазалықтың таза нәтижесі



Басы. Жалғасы 1 бетте.

Зауытта жабық типтегі ағынды суларды механикалық тазарту қондырғыларын реконструкциялау жобасы мәресіне жеткен болатын.

Реконструкция нәтижесінде тазарту жүйесінің қуаты екі есе артып, сағатына 1 000 текше метрге жетеді, ал мұнай шламын өңдеу көлемі айына орта есеппен 12 000 текше метрді құрайды деп күтілуде.

Жаңартылған қондырғыларды іске қо-

су тазарту тиімділігін арттырып, әрі қарай биологиялық тазарту қондырғысына жіберілетін ағынды судың құрамындағы мұнай өнімдері мен қалқымалы заттардың мөлшерін шекті рұқсат етілген төгінділер нормативтеріне сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Жаңа кешенде ағынды суларды сапалы тазартуды қамтамасыз етіп, зиянды заттардың атмосфераға таралуын барынша азайтуға көмектесетін заманауи технологиялық процестер мен жабық типтегі жабдықтар енгізілді.

– Атырау мұнай өңдеу зауытында Tazalyq экологиялық жобасы аясында зауыттың ағынды суларын механикалық жолмен тазарту құрылыстарын реконструкциялау, яғни жаңалау жобасы толықтай аяқталды. Құрылыс алаңының тарлығына байланысты жобалық сметалық құжаттарды даярлауды екі кезеңге бөлу жөнінде шешім қабылданған болатын. Сол жобамыздың бірінші кезеңі 2023 жылдың желтоқсан айында аяқталған болса, екінші кезеңі 2024 жылдың мамыр айында аяқталып, іске қосылды. Жобамызға қажетті құрылыстардың басым бөлігін өлем бой-

ынша тазарту құрылыстарын өндірудің көшбасшысы болып саналатын Германия, Бельгия, Ресей сынды елдерден алынған болатын. Бүгінде қондырылған құрылыстардың барлығы дерлік жоғары деңгейде жұмыс жасап, сапалы нәтиже көрсетуде. Жобаның қаржыландырылуы Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің қарыздық қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылған болатын, – дейді капиталдық құрылыс бөлімінің басшысы Алмат МУТИЕВ.

Құстар экожүйенің әл-ауқатының жақсы көрсеткіші болып табылады. Ал булану алқаптарының аумағында құстардың 49 түрі тіркелген, олардың 27-сі ұя сапса, қалғаны уақытша тұрақтайтындығы байқалған. Мұнда Қызыл кітапқа енген және ерекше қорғалған аққу, үйрек, ақ құйрықты бүркіт, кішкентай аққұтан, бірқазан, сұқсыр, қызылқаз, торғай сынды құстар мекен етеді.

Бүгінгі таңда АМӨЗ-ге қарасты булану аумағының 1 және 2 секторы кептіріліп, ағынды сулар 3, 4 секторларға төгілуде. Алдағы уақытта аталмыш секторларға да рекультивация жұмыстары жүргізілмек.

СОЦПРОЕКТЫ

Завод и Доброе сердце

В плане мероприятий отдела охраны окружающей среды ТОО «АНПЗ» в этом году есть несколько интересных проектов социальной направленности, которые сотрудники отдела намерены реализовать собственными силами.

К своему профессиональному празднику экологи АНПЗ, зная проблему содержащихся за счет пожертвований горожан приютов для бездомных животных, решили построить несколько вольеров для собак, за которыми присматривает общественный фонд «Доброе сердце».

– Наш отдел предложил несколько социальных проектов, некоторые из них были позднее одобрены непосредственным руководителем и генеральным директором предприятия. Этот – в том

числе. Идея простая: бездомные животные – это часть нашей жизни, и чтобы они не пугали горожан, завод – градообразующее предприятие – внес свою лепту в обустройство комфортных условий для братьев наших меньших, – рассказала ведущий инженер по ООС Залина ХУДАЯРОВА.

В реализации проекта участвовал ремонтно-механический цех завода. Металлический профиль, пиломатериал, шестигранники, профлист и арматура в руках умельцев из РМЦ трансформировались в просторное жилище для животных. И теперь обездоленным хвостикам будет где спрятаться в знойный день.

К слову, совсем скоро стартует реализация следующего, не менее благородного проекта из плана экологов.

Пожелаем удачи нашим коллегам!



ТАҒАЙЫНДАУ



Бас директордың 18.06.2024 жылғы №99-к бұйрығымен **Қанат Жайғалиұлы ТЕМІРБАЕВ** тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің басшысы болып тағайындалды.

КЕЗДЕСУ

Білімді –
мыңды
жығады

Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары Атырау мұнай өңдеу зауытының бас директоры Абзал Досжановпен жолығып, кадрлар даярлау жөнінде бірқатар мәселелерді талқыға салды.

«Біздің оқу орнымыз 1930 жылы мұнай техникумы ретінде қызметін бастаған. Жұмысшы, орта буын, қолданбалы бакалавр 22 мамандық бойынша дайындайды. Қазіргі кезде 1764 студент білім алуда, оның ішінде 160 студент мекеме тапсырысы негізінде жүзеге асырылады. Жұмыспен қамту көрсеткіші – 80%, жоғары оқу орындарында – 25%. 2024 жылы түлектер саны – 460, оның ішінде мұнай-химия саласы бойынша – 53 түлек түлеттік», – дейді колледж директоры Бағыт Шеркешбаева.

Сонымен қатар ұстаздар зауытқа мамандар қажеттілігін мақсатты даярлау арқылы шешуге, микроквалификациялар/жұмысшы мамандықтар бойынша зауыт қызметкерлеріне қысқа мерзімді курстар ұйымдастыру мүмкіндігіне, мұнай-химия саласына жаңа цифрлық компетенцияларды енгізу бойынша кәсіби стандартқа сай жұмысшы топ құрамына колледж мамандарын қосуға, кәсіптік практика өту мерзімін оқу үрдісінің кестесіне сәйкес өтуіне қолдау білдіру сынды ұсыныстарын айтты.

Өз кезегінде зауыт басшысы білім ордасына ұзақ жылғы серіктестік пен мұнай-химия саласында мамандарды даярлаудағы үздік тәжірибелері мен білімдері үшін алғысын айтып, алдағы уақытта нәтижелі жұмыстарды бірге атқаруға сенім білдірді.

ОБУЧЕНИЕ

Sulzer: как оптимизировать процесс переработки

Компания Sulzer провела обучающий семинар для сотрудников ТОО «АНПЗ» по теме внутреннего устройства ректификационных колонн.

Инициатором и организатором обучающего курса выступил технический отдел. Обучающая компания выбрана не случайно: на внутренних устройствах некоторых колонн нашего завода есть оборудование производства Sulzer.

Практическая польза семинара, в котором приняли участие 39 сотрудников АНПЗ – руководители, специалисты производств и сотрудники техотдела, состоит не только в возможности почерпнуть теоретические знания о работе колонн фракционирования, но и проработать совместно тему часто возникающих проблем на установках первичной переработки нефти, разобрать ошибки, допускаемые при монтаже внутренних устройств и влекущие за собой некорректность работы колонны, а также вопросы энергоэффективности и прочие.

– На семинаре мы получили знания о важных аспектах процесса фракционирования. Любое обучение способствует развитию профессиональных навыков и компетенций работников, и это в долгосрочной перспективе повышает общую эффективность работы завода, – считает **ведущий инженер технического отдела Улан ЕРЖАН**.

Полученные углубленные знания о работе колонн фракционирования позволяют оптимизировать процессы переработки сырья, улучшить качество производимых продуктов и снизить затраты на производство, а также помогут обеспечить



эффективное техническое обслуживание оборудования, что в свою очередь повы-

сит безопасность работы нашего завода и снизит риск возможных аварий.

Sulzer – международный концерн, специализирующийся на производстве и сервисном обслуживании промышленных машин и оборудования, технологий обработки поверхностей и вращающегося оборудования. Штаб-квартира находится в Винтертуре, Швейцария.

МЕРОПРИЯТИЯ

Знатоки правил безопасного труда из ЦЗЛ



Интеллектуальная викторина на знания ТБ и ОТ, приуроченная к Всемирному Дню охраны труда, прошла на АНПЗ.



21 июня в конференц-зале единой операторной АНПЗ сражались 14 команд заводских производств. Работники АНПЗ соревновались в командном и личном зачетах, всего 4 конкурса – 2 командных и 2 индивидуальных. Мероприятие организовано службой БиОТ при участии профсоюзного комитета и отдела корпоративной безопасности завода.

Перед началом конкурса **генеральный директор ТОО «АНПЗ» Абзал ДОСЖАНОВ** обратился к присутствующим с речью о том, что формальный подход к технике безопасности рано или поздно приведет к закономерно плачевным результатам, он предложил заводчанам искоренить несерьезное отношение к очень серьезной теме сохранения жизни и здоровья на нашем производстве, а затем пожелал удачи участникам.

– Мы проводим конкурс уже 5 лет. За

эти годы он трансформировался в интеллектуальную викторину. Такой формат, как показывает опыт, привлекает больше работников в участие. Для конкурса требуется подготовка, то есть дополнительные знания и повторение уже имеющихся, а это – одна из целей нашего мероприятия, – говорит **ведущий инженер по БиОТ Ирина УЛЬЧЕНКОВА**. – Вообще же целью нашего конкурса является привлечение внимания всех работников АНПЗ к созданию условий и продвижению культуры охраны труда, способствующей снижению смертности и травматизма на рабочем месте. Именно через ее формирование можно сохранить жизнь и здоровье сотрудников.

Вопросы, тесты и кроссворды по охране труда, безопасному труду, пожарной безопасности вызвали живое обсуждение в командах. Игроки были активно вовлечены в процесс, многие из них не первый год являются участниками викторины.

Оператор установки каталитического крекинга ПГПН Михаил ВЕСЕЛОВ рассказал, что на рабочем месте соблюдает требования правил безопасности и охраны труда, и в практике он гораздо увереннее себя чувствует. А здесь, во время конкурса, волнуется, ведь игра командная и не хочется никого подвести.

– Мне интересна любая новая программа по ТБ. Знание проектов Аман, Near miss, 10 Жизненно важных правил помогают работе без травматизма. Все правила логичные, их несложно при желании запомнить, и конкурс направлен на повторение и закрепление этих знаний, – считает он.

Первое место в конкурсе досталось команде ЦЗЛ, на втором месте – ПКИС, на третьем – ПГПН. В личном первенстве места распределились следующим образом: **Алихан ДЖАСАКБАЕВ** (ПГП), **Михаил Веселов** (ПГПН), **Еламан ЖАУКАШТЫ** (ПГПН), **Жасулан КАРТАБАЕВ** (ПКИС).

Қанбай мен Санбай Карышевтер: 30 жыл зауытта

Аппауыт Атырау мұнай өңдеу зауыты бөлек бір әлем сықылды. МӨЗ-дің құрылысы кезінде айналасында ойнап жүрген балдырған балалардың қазір немерелері қызмет етіп жүр. Сол уақыттағы ұйымшылдық әлі де өз күшін сақтап тұр. Кәсіпорын қызметкерлері бір үйдің баласындай жұмылып қызмет жасап, зауыттың дамуына үлес қосып келеді. Шын мәнісінде бір үйдің балалары да кәсіпорынның табалдырығын жастайынан аттап, күні бүгінге дейін еңбек етуде. Құрметті оқырмандарымызды Карышевтер отбасындағы Қанбай мен Санбай атты ағайындылармен таныстырмақпыз.



АМӨЗ сан түрлі тағдырлардың куәсі. Карышевтер отбасы зауыттағы егіз ағайынды қызметкерлер. Мамандар егіздерде бірі бір жағдайға тап болса, екіншісі де соған ұқсас жағдайда болатынын айтады. Бұл туралы түсірілген фильм, жазылған әдеби шығарма, көркем дүниелер де жетерлік. Айнымайтын егіздердің қызығу-шылықтары мен қасиеттеріне, қалыптасуына қашықтықта, ұзақ уақыт бір-бірін көрмей жүру де кедергі бола қоймайтын көрінеді. Егіздер бір-бірін іздеп, сағынып, істерін

қайталап қана қоймай, екеуара нағыз бақталас та болады екен. Олар өзге ортада лидер, елдің алдына шығатын көпшілікті өзіне қарата алатын рухты адам болып қалыптасады. Егіздердің өз арасында бәсекелестік әйтеуір олардың өзгеше болып өсуіне әсерін тигізбей қоймайды деген де зерттеулер бар. Олар бір-бірінің жанында өздерін еркін сезініп, қиындықтарға оңай төтеп беретін көрінеді. Сондықтан болса керек зауыттағы егіздердің тағдыры бір арнада өрбіген. Қанбай мен Санбай Карышевтер Гу-

рьев ауылшаруашылық техникумын инженер-механик мамандығы бойынша аяқтап, зауытқа мердігер ұйымға жұмысқа орналасады. Кейін азаматтық борышын өтеу үшін шақырту алып, Венгрия мемлекетінде әскер қатарында болады. 1981 жылы қайтадан жұмыс орындарына оралады. Бірақ ағайындылар зауыттағы алғашқы Карышевтер емес еді. Бауырлар әкелерінің ізімен кәсіпорында қызмет етіп бастаған. Бір ерекшелігі ағайындылар 1994 жылы Атырау мұнай өңдеу зауытының сол кездегі жылу-электр орталығының жөндеу тобына шақырту алып, бір уақытта бір қондырғыға жұмысқа тұрады. Қанбай және Санбай Карышевтермен тілдескен кезде өте ашық мінезді, әзілқойқалжыңға жақын жандар екендігіне көз жеткіздік. Ұзақ жыл үзіліссіз зауытта қызмет етулерінің сыры неде екендігін де білгіміз келгені жасырын емес.

«Зауытта әкем жасады, сол кісінің ізімен біз де ер адамның қолынан келу керек деген дәнекер жұмыстарын үйреніп, кейін слесарьлықты игеріп жұмыс жасап кеттік. Зауыттағы жылдарымның қалай өтіп кеткенін байқамай қалдым. Кезінде шақырту алып, өзіммен бірге 20 адамды жұмысқа ертіп келген едім. Денсаулығыма байланысты ертерек зейнетке шығуыма тура келді. Соның өзінде мамандығыма сай жұмыстарды ұмыт қалдырмай айналысып тұрамын», – дейді Қанбай Тайпанұлы.

Қанбай Карышев жары Алтын Карыше-вамен екі қыз бір ұлды тәрбиелеп, өсірген. Көрінген ұрпақтан әзірге 12 немере өрбіген. Ұлы Аслан Карышев қазіргі таңда әке жолымен кокс және күкірт өндірісінде қызмет етуде. Ал Қанбай Карышев өндірістік бақылау департаментінде динамикалық және қосалқы жабдықтар бойынша бас маман ретінде 2021 жылы денсаулығына байланысты зейнеткер атанған.

Карышев Санбай бүгінде жылу және электр энергиясы өндірісінде жетекші инженер-механик болып қызмет етіп келеді. Бұған дейін аталмыш өндірісте слесарь, қазандық жабдықтарын жөндеу шебері, ЖЖЭӨ жөндеу-механикалық цехының басшысы сынды лауазымдарда ұзақ уақыт еңбек еткен.

Санбай Карышев:
– Зауыт тұрақтылықтың символы десем қате болмасы анық. Ұжыммен бір отбасыдаймыз. Қазір жастар көптеп жұмысқа орналасып жатыр. Біз де білгенімізбен бөлісіп жүрміз. Жұмысым өзіме ұнайды. Ұнағаны соншалық отыз жылымды зауытқа арнадым. Биыл зейнетке шықсам да қызметімді жалағастырып жүрмін. Бүгінде ұлым Руслан мен қызым Шынар да зауытта еңбек етеді.

Санбай Тайпанұлы, жары Зина Карышеваның екі қыз бір ұлы және 11 немересі бар. Жары Зина апайымызбен телефон арқылы сөйлесу барысында ортадағы үлкен сыйластықпен бір-біріне деген сүйіспеншілігі, әзілін де байқап қалдық. 40 жыл отасқан қосағымен арадағы ерекше байланыс та Санбай ағамыздың әйел атаулыға деген құрметін айқындағандай.

Адал қызметі барысында Санбай Карышев үздік механик атағына ие болып, зауыттың құрмет кітабына енгізілген. Сонымен қатар талай марапаттардың иесі.

Егіздер өздерінің ерекше екендіктерін сезініп, бір-бірінің қызығушылығы мен ортақ қызығушылықтарына құрметпен қарайтын жағдайда өссе – нағыз тәрбие деп бағалауға болады. Егіз болу – ата-бабадан қалған тұқым қуалайтын қасиет, зор қуаныш, мақтаныш екенін де ұғындырып, қадіріне жету керектігін түсіндіріп қойған жөн. Қанбай мен Санбай Карышевтер осындай түсініктерді айқын дәлелдегендей.

МАҢЫЗДЫ

Лудомания – ғасыр дерті

Қазіргі қоғамның басты қасіреттерінің біріне айналған ойынкұмарлықпен күрес оңайға соғып жатырған жоқ. Бұл құмарлық жасқа да қарамайды. Мамандар қазіргі таңда ойындарға деген еліктеушілік 14 жастан басталатындығын айтады. Осы орайда Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында арнайы мамандардан құралған топ кездесу өткізді.

Жалпы лудомания дегеніміз – адам өмірінде негативті тұрғыдан басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық тұрғыдан және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы.

Құмар ойындарына тәуелділігі бар адамның белгілері: күйзеліс, депрессия, суицид туралы ойлар; ұйқының нашарлауы, тамақтанудың бұзылуы; отбасылық байланыстар бұзылып, достары азаяды, жалғыз жүруге бейімделеді; үнемі қарызға ақша алу және қайтармау; ойынкұмар дегенде ойымызға казино ойындары елестейтіні сөзсіз. Бірақ олардың покер, онлайн құмар ойындары, спорттық бас тигулер, казино, ойын автоматтары, ат жарыстарына бәс тигу сынды түрлері айналамызды қоршап жатыр.

– Адам бауды кездескенде осындай теріс жолдармен кетіп қалып жатады. Бейсаналы түрде көбірек табыс тапсам, айналама мықты екенімді дәлелдесем

деген ойлардың торына түсіп, соңы қайғылы жағдайларға әкеліп соғып жатады. Қазіргі кезде әлеуметтік желілер, айналадағы түрлі жарнамалардың да әсері аз емес. Бірақ оның шығу жолы да бар екенін ескерткім келеді. Жауапкершілікті алып үйреніңіздер. Қанша жарнама, қанша үгіттеу болса да өз өміріңізге, өз болашағыңызға тек өзіңіз жауапты екеніңізді түсінулеріңіз қажет. Қазір балаларымыздың жазғы демалысы екендігін ескере отырып, оларды мұқият қадағалауларыңызды сұраймыз. Өйткені, ойынкұмарлық жастар арасында көптеп кездесіп жатыр. Қазіргі таңда Атырау облысы ішкі саясат басқармасы тарапынан байланыс орталықтары жұмыс жасап тұр, біз әрдайым қолдау көрсетуге, көмек қолын созуға дайынбыз, – дейді психолог маман Айнура ҚОЖАБАЕВА.

Лудоманияны психотерапия, анонимдік қолдау топтары, дәрі-дәрмектер және қаржылық кеңес сынды емдеу жолда-



ры қарастырылған. Сонымен қатар egov.kz порталы арқылы 6 айдан – 6 жылға дейін өзіңізге шектеу қою мүмкіндігі де қарастырылған. Ойынкұмарлықтың салдарынан қарыздардың көбеюі, жинақтардың жоғалуы, мүліктердің сатылуы, отбасылық қиындықтар, заңды мәселелер сынды қиындықтар туындайды.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстандағы ересек халықтың шамамен 3%-ы құмар ойындарға тәуелді.

Бұл дегеніміз шамамен 570 мың адамды құрайды. 2019 жылы 310 мың адам болған. Яғни, өсім өте қарқынды. Құмарлықтан артық от, ашудан артық бейнәт, алдаудан өткен мұң жоқ. Құмар ойындарының құрығына түспейік.

Осындай жағдайға тап болған жандар болса: stopgambling.atyrau@mail.ru пошта-сына, stop_gambling_atyrau телеграм және инстаграм каналына немесе +77758880814 нөмірі арқылы қоңырау шалуға, жазуға болады.